

► ЖОЛДАУ ЖҮГІ

ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына арнаған дәстүрлі Жолдауы еліміздің пандемиядан кейінгі кезеңдегі экономикалық дамуына, денсаулық сақтау жүйесінің тиімділігін арттыруға, өнірлік саясатты жетілдіруге, еңбек нарығында тиімді экожүйе қалыптастыру мәселесіне, саяси жаңғыру және адам құқығын қорғау бағытындағы атқарылған ауқымды іс-шараларға баға беріп, үкіметтің алдына нақты міндеттер қойды.

СТРАТЕГИЯЛЫҚ БАҒЫТТАР БЕЛГІЛЕНДІ

Еліміздің өсіп-өркендеуінде ерекше рөл атқаратын бағыттардың бірі бүгінгі жастарымызға сапалы білім берудің маңыздылығына айрықша көңіл бөлінді. Мемлекет басшысы нақтылап көрсеткен білім беруді дамытудың стратегиялық бағыттарында маңызды ұстанымдарды басшылыққа алушы аудиторды.

Олардың қатарында, бірінші кезек күттірмейтін мәселе оқу бағдарламаларын жаңа жағдайға бейімдеу, қашықтықтан білім беруге қажетті ақпараттық жүйенің сапасын жақсарту, білім беру жүйесін қолжетімді әрі инклюзивті ету, дарынды балаларға жан-жақты қолдау көрсету және оларға конкурстан тыс гранттар беруді қол-

ға алу, мұғалімдерге оқу-матеріалдық қолдау көрсету шараларын «Цифрлы устаз» білім беру жобасымен толықтыру, мұғалімдердің біліктілігін арттыру мерзімін 5 жылда емес 3 жылда бір рет қайта даярлауды қолға алу сияқты өзекті мәселелер қамтылды.

Сондай-ак, 2025 жылға дейін жаңадан салынатын мектептер санын бір мыңға дейін жеткізуі міндеттеу, толық білім беретін ауыл мектептерін оқушы санына қарай қаржыландыруға біртіндең көшесі бастау, балаларды ерте жастан мамандыққа бейімдеу және саналы түрде кәсіпті тандай білуге баулу, «Тегін техникалық және кәсіби білім беру» жобасын жүзеге

асыруды жалғастыру, жоғары оқу орындарының мамандарды сапалы даярлауына жауапкершілігін арттыру, жетекші ғалымдарымызға тұрақты және өз еңбегіне лайықты жалақы төлеу секілді мәселелер де Жолдаудан тыс қалған жоқ.

Мемлекет басшысының білім беру саласын дамытуға бағытталған салиқалы саясаты білім беру саласының қызыметкерлері үшін негізгі стратегиялық ұстанымдар деп қабылдауымыз қажет.

**Ю. КАМАЛОВ,
М.Әуезов атындағы
ОҚУ-дің профессоры,
педагогика ғылымдарының
кандидаты**